

Кредит жөніндегі өкім

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 20 тамыз 1993 ж. N 353-ө

1. Жалпы сомасы 17790850 неміс маркасындағы герман кредит желісі есебінен қаржыландырылатын, Ақмола қаласында желімденген ағаш қалқандары мен жиһаз ағашынан жиһаз өндірісін ұйымдастыру жөніндегі жоба мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бұл жобаның қаржыландырылуын ашу үшін Қазақстан Республикасының кепілдігін беретін болсын.

3. "Сарыарқа" бірлескен кәсіпорыны "Гермес" фирмасына аванстық төлемді, сақтандыру жарнасын, қызмет көрсететін банкілерге комиссиялықты, кредит үшін проценттерді, сондай-ақ алдағы уақытта кредит жөніндегі негізгі берешекті дайын өнімді экспортқа сатудан алынған валюта түсімі есебінен төлеу жөнінде Қазақстан Әлем Банкісіне кепілдеме беретін болсын.

4. Қазақстан Әлем Банкісі 1992 жылғы 28 сәуірдегі бас кредит келісімінің шарттарына сәйкес АКА Аусфорккредит-Гезельшафт МБХ- мен 15 122 223 неміс маркасы сомасына жеке кредит келісімін жасайтын болсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Әлем Банкісі және Ақмола облысының әкімі кредит жөніндегі берешектің уақтылы өтелуіне бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Премьер-министр